ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

* ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ *

Қазақстан Республикасы, Алматы, Хан шатыр, 3. e-mail: kazzhastar@mail.ru, тел.: +7 775 919 80 99

Исх. № 90/09 10.03.21 ж.

Алматы қаласы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит
департаментіне

«Жастарға қолдау көрсету» Қоғамдық Қоры *(әрі қарай – Қоғамдық Қор, БСН: 150240026664),* **«Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің** *(әрі қарай - Басқарма)* **goszakup.gov.kz** порталында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша жарияланған ***(хабарландыру нөмірі: 5373054-1, лот нөмірі: 39481924-ГС31, («Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асырылатын әлеуметтік жобалардың орындалуын бақылау» жобасы)*** лотының *(әрі қарай - Лот)* қорытынды хаттамасы бойынша жеңімпаз атанған ұйымдардың құжаттарын қарау бойынша кейбір келіспейтін дәлелдерді анықтадық. Аталмыш дәлелдерді төменде жазбаша ретінде және растайтын құжаттарын осы хатқа қосымша ретінде тіркедік. **Біз ұсынған дәлелдерді ескеріп, лоттың қорытынды хаттамасына түзетулер енгізіп, қорытынды хаттаманы жаңа түзетулермен шығаруды сұраймыз.**

1. **ЖЕҢІМПАЗ АТАНҒАН "ҚОҒАМДЫҚ ЖОБА" МЕ (БСН: 121040019057) БОЙЫНША:**

1-ДӘЛЕЛ: "ҚОҒАМДЫҚ ЖОБА" ҰЙЫМЫНА Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 20 тамыздағы № 899 бұйрығына 16-қосымша Конкурстық құжаттамаға 12-қосымшасына сәйкес, **Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** ** **тәжірибесі мен біліктілігі** тармағы бойынша «2» балл қойылуы тиіс.

Дәлелі мен себептері:
Тапсырыс берушінің техникалық сипаттасының талаптарына сәйкес, **Әлеуметтік жобаны іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін өнім беруші меңгеруі қажет:**

1. Еңбек ресурстарымен:

1.1. Коммерциялық емес құқық саласында кемінде 2 жыл еңбек өтілі бар білікті заңгерлер (кемінде 2 заңгер) (растайтын құжаттар қоса беріледі);

Жалғасы келесі бетте

1.2. Коммерциялық емес секторда бухгалтерлік есеп және салық есептілігі саласында кемінде 2 жыл еңбек өтілі бар білікті бухгалтер (қаржыгер) (растайтын құжаттар қоса беріледі);

1.3. Коммерциялық емес секторда кемінде 2 жыл өтілі бар жоба менеджерлері (2 адамнан кем емес) (растайтын құжаттар қоса беріледі). деп жазылған.

Себебі, **Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** ** тәжірибесі мен біліктілігі** тармағы бойынша «2» балл қойылуы тиіс. «Қоғамдық жоба» МЕ ұйымы Жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін практикалық жұмыс тәжірибесі **немесе** біліктілігі бар, олар сәйкесінше құжаттармен расталған.

** Мамандардың тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттар білімі туралы дипломдар, тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар болып танылады.

Яғни, «Қоғамдық жоба» МЕ ұйымының Коммерциялық емес секторда бухгалтерлік есеп және салық есептілігі саласында кемінде 2 жыл еңбек өтілі бар білікті бухгалтер (қаржыгер) бойынша тіркеген мамандарының құжаттары толық емес. Яғни, дипломы бар, сертификаттары жоқ.

Дипломы мен сертификаты болған жағдайда ғана «4» балл қойылады. «Қоғамдық жоба» МЕ ұйымының бухгалтер және өзге де мамандарының диплом және сертификаттары толық салынбауына байланысты «2» балл қойылуы тиіс.

- **Біз ұсынған дәлелдерді ескеріп, «Қоғамдық жоба» МЕ ұйымының лоттағы қорытынды хаттамасына түзетулер енгізіп, қорытынды хаттаманы жаңа түзетулермен шығаруды сұраймыз.**

2. ЕКІНШ ОРЫНДАҒЫ «ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ БОЙЫНША (ӘРІ ҚАРАЙ – ҚОҒАМДЫҚ ҚОР) (БСН: 150240026664)

1-ДӘЛЕЛ:

Қорытынды хаттама бойынша «Жастарға қолдау көрсету» Қоғамдық Қорының жұмыс тәжірибесі бойынша тиісті балл қойылмаған. Қоғамдық Қордың әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша **жалпы 7 жылдық** және жергілікті Алматы қаласында 7 жылдық жұмыс тәжірибесі бар. Және олар тиісінше құжаттармен расталған. Атқарған әлеуметтік жобалардың актілері мен шот-фактуралары, және растаушы ресми хаттарының барлығы толықтай конкурстық құжаттамаға сай тіркелген.

Жалғасы келесі бетте

Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір өлшемшарт ғана таңдап алынады) талабы бойынша **«3» балл** қойылуы тиіс болатын. Себебі, Қоғамдық Қор Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында бес жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

Жобаны белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс аудан, қала) іске асырған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі талабы бойынша **«3» балл** қойылуы тиіс болатын. Себебі, Қоғамдық Қор Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда бес жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

Себебі және дәлелдері:

ҚР Қаржы министрінің міндетін атқарушының **2019 жылғы 20 тамыздағы №899 бұйрығына 16 қосымша, конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаға сәйкес**, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады. Тиісті өңірде жұмыс тәжірибесін растау үшін Тапсырыс берушінің ресми хаты қосымша беріледі. Осы 12-қосымшаға сәйкес, **Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі - Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы тәжірибесіне қарай бағаланады.** Және Жобаны белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс аудан, қала) іске асырған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі саналады.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығына сәйкес **Әлеуметтік жоба - әлеуметтік мәні бар салалардағы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, бір жыл ішінде және үш жылға дейін іске асырылатын ұйымдастырушылық, экономикалық және техникалық шаралардың жиынтығы.**

2-ДӘЛЕЛ:

Қоғамдық қордың **Әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне сәйкес келуі** тармағы бойынша «2» балл қойылуы тиіс болатын.

Себебі, Қоғамдық Қордың құрылтай құжаттарына сәйкес, **Қызмет мақсаттары Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келеді.**

Жалғасы келесі бетте

Қоғамдық Қордың бекітілген жарғысы және 22.05.2020 ж. өзгертулер мен толықтыруларда анықтап көрсетілген.

Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау, коммерциялық емес ұйымдар мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл деңгейін арттыру. Мемлекеттік бағдарламалар, жобалар, **әлеуметтік тапсырыстардың орындалуы бойынша мониторинг ұйымдастыру және жүргізу.**

Сонымен қатар, жарғының 2-бап, 2.1, 2.2, 5-бапта толығырақ, анықтап жазылған.

- **Біз ұсынған дәлелдерді ескеріп, «Жастарға қолдау көрсету» Қоғамдық Қорының лоттағы қорытынды хаттамасына түзетулер енгізіп, қорытынды хаттаманы жаңа түзетулермен шығаруды сұраймыз.**

3-ДӘЛЕЛ:

Қоғамдық қорға Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігі тармағы бойынша «2» балл қойылуы тиіс болатын. Себебі, Қоғамдық қор Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 20 тамыздағы № 899 бұйрығына 16-қосымша Конкурстық құжаттамаға 12-қосымшасына сәйкес, **Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігі тармағы** бойынша **Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жоба неғұрлым үздік сипаттамаларды қамтиды**

ҚОСЫМША АҚПАРАТ, ЕСКЕРУ ҮШІН:

"Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы" *(әрі қарай - Басқарма)* коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басқарма басшысы, ЕСДАУЛЕТОВ ДИАС РАХМЕТОВИЧтің Шешім № 19 Күні 2021-01-28 14:45:45 Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық құжаттамасына сәйкес,
Сілтемесі: file:///C:/Users/Admin/Downloads/social_doc_5373054.pdf

2. Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуіне және оны ұсынуына қойылатын талаптар

жалғасы келесі бетте

5. Конкурсқа қатысуға өтінім мыналарды қамтиды:
заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлікті немесе **анықтаманы қамтуы тиіс.** Егер заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бекітілген Үлгілік жарғы негізінде қызметті жүзеге асырса, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініште;

заңды тұлға Үлгілік жарғы негізінде қызметті жүзеге асырған жағдайды қоспағанда, заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілген жарғыны;

құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді не акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірмені қамтитын құрылтайшы құжатты (егер жарғы құрылтайшылар немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметті қамтымаған жағдайда);

Қоғамдық қор осы басқарма басшысының шешіміне сәйкес, конкурстық құжаттамаға заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы анықтаманы және бекітілген жарғыны, қосымша құрылтай шартын қоса тіркеді.

Конкурстық комиссия мүшелері құрылтай құжаттарын, жарғының мақсат-міндеттерін, бағыттарының жобаға сәйкестігін анықтау мақсатында оқиды.

Және Қоғамдық Қордың президенті 2015 жылдан тіркелгеннен бастап әлі ауысқан жоқ. Және қоғамдық қордың ішкі бұйрықтары, шешімдерін конкурстық құжаттамаға салу міндетті емес. Олар ішкі құжаттар болып саналады.

Кейбір өзге де ұйымдар тарапынан түскен негізсіз шағымдар болып жатса, осы қосымша ақпаратты ескерулеріңізді сұраймыз.

Растаушы құжаттар қосымша тіркелді.

Президент **Б.Бақыткелдіұлы**

Орын.: С. Дүйсенбаев
Тел.: +7 775 919 80 99

000008013